



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 34 (7976) 20 қыркүйек, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы –
өміршең өзгерістер

Мемлекет басшысы азаматтардың тұрмысын жақсартуды көздейтін жүйелі экономикалық өзгерістерге баса назар аударды. Президент

қатысты референдумды өткізу күнін белгіледі. Бұл референдум – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының және Әділетті Қазақстан идеясының жүзеге асырылып жатқанының тағы бір айқын дәлелі. Мемлекет басшысы халықты алаңдатып отырған бір-қатар өзекті мәселеге арнайы тоқталды. Оның ішінде интернеттегі алаяқтық, жол апаттары, әскердегі тәртіп, наркобизнеске қарсы күрес, медициналық сақтандыру жүйесінің

Жолдау – ел өркендеуінің стратегиясы

атап өткен барлық тоғыз басымдық мемлекеттік саясатты дәл осы міндетті орындауға жұмылдырады.

Жолдауда жүзге жуық түрлі бастама, ұсыныс, тапсырма бар. Мысалы, салық жүйесін мұқият ойластыра отырып қайта жүктеу, шағын және орта бизнесті қолдауға арналған шаралар топтамасын оңтайландыру, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі үшін қолжетімді несие беру, әділ әрі тиімді тариф саясатын жүргізу, көлік инфрақұрылымын жаңғырту, білікті мамандар даярлау, жасанды интеллектіні дамыту және жаппай цифрландыру, азаматтардың қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз ету сияқты басымдықтарды айрықша атап өтеуге болады.

Сонымен қатар, Президент қоғамда бір жыл бойы талқыланып жатқан атом электр стансасын салу мәселесіне

кемшілігі, педагогикалық және медициналық кадрлардың тапшылығы, шағын және орта бизнес саласын шектен тыс мемлекеттік бақылау, ауыл шаруашылығы статистикасын бұрмалау сияқты түйткілдер бар. Жолдаудағы көптеген әлеуметтік-экономикалық бастама Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың отырыстарында айтқан идеологиялық тұжырымдардың іс жүзінде жүзеге асырылуының көрінісі болғанын атап өткен жөн. Жалпы, Жолдау көптеген күнделікті міндеттерді шешу және елді дамытудың стратегиялық мақсаттарына жету жолдарына арналды.

Д.Қаура,

аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы.

Жолдаудың өзегі – экономика

Өткен Жолдауларда белгіленген бастамалар бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуда мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы көтеріліп, халықтың біразы өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану арқылы баспаналы болды, денсаулығын түзетті. Денсаулық сақтау нысандары мен мектептер бой көтерді. Елге кең ауқымда ТШИ тартылып, сыртқы сауда деңгейі өсті. Ал бұл жолғы маңызды құжатта Мемлекет басшысы алдағы үш жылда елдің дамуына қатысты өзекті мәселелерді қауады. Жолдауда: «Мен экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық. Бұл – аксиома.

Қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керек», деп алға қойылып отырған міндеттердің ішінде елдің макроэкономикалық саясатын қайта қарап, жаңарту қажет екеніне баса назар аударды. Инвестиция тапшылығы экономикаың өсуіне кері әсер етеді. Негізі елдегі өнеркәсіптік капиталға қаражат құю басты назарда тұруы қажет. Бірақ банктер бұл үдеріске белсенді атсалыспай отыр. Салдарынан Үкімет қаржыландыру ісіне араласады. Ал бұл нарықтық экономика қағидаларына сай келмейді. Еліміздегі банктердің нақты сектордан гөрі тұтынушылық несиеге басымдық беретіні көпшілікке мәлім. Мұның салдары жылдан-жылға анық байқалып келеді. Мәселен, отандастарымыздың басым көпшілігі қарызға белшесінен батып жүр. Осы мәселені реттеу мақсатында биыл «Жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы» заң қабылданған болатын. Бұл бағытта жүйелі іс-шаралар қабылданып, тұрғындардың қаржылық сауатын арттыруды белсенді жалғастыру қажет. Қазір елімізде «Қарызсыз қоғам» жобасы іске қосылды. Бұл жоба халықтың көп қарыздану мәселесін шешу, банктердің корпоративтік саланы несиелеуге ден қоюына бағыттайды. Банк активтерін елдің экономикалық айналымына қосу үшін арнайы іс-шаралар қабылданып, жүйелі жүзеге асырылуы экономикаға серпін береді.

К.Шаймуратов,

Ақтоғай ауданы бойынша МКБ-н бөлім басшысы.

Аты аңызға айналған «Тоқырауын толқындары» Түркия елінде өнер көрсетті

Ақтоғайлық «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі 13-15 қыркүйекте Түркия елінің Анталия қаласында өткен Йөрүк-Түркімен фестивалінде өнер көрсетіп қайтты. Сонау 80-жылдардың соңында ала Бүкілодақтық байқауға қатысқаннан кейінгі, яғни тәуелсіздік алған жылдардан соң, жарты ғасырдан аса тарихы бар халықаралық, фольклорлық ансамбльдің шетелде алғаш рет өнер көрсетуі. Аты аңызға айналған ансамбль ұжымын Ақтоғай елі шет елге үлкен рухпен, ақсақалдардың

тағамдары мен киімдерін, салт-дәстүрін паш етіп, еліміздің мерейін асқақтатып келдік. Сондай-ақ, 20-дан аса елден қатысқан ұлт өкілдерінің салт-дәстүрімен жақын таныстық. Біз бұл фестивалде Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін күмбірлетіп, халық композиторларының әндерін орындадық, фестивалге келушілерді ерекше көңіл күйге бөледік, – деді. Іле сөз кезегін аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Қанағат Асылбекқызы: – Бұл барша түркі халықтарының бірігуіне себеп болған,



батасымен шығарып салды,

Сонау 80 жылдардан бастау алып, аты аңызға айналған өнер ұжымы бүгінде қазақ халқының мерейін өсіріп, мәртебесін арттырып жүр. Әлем елдеріне ұлтты танытып жүрген «Тоқырауын толқындарын» ән-би ансамблінің Түркия еліне сапар шегуіне Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаев, аудан әкімі А.Аманжолов қолдау танытып, үкілеп аттандырса, елі өнерпаздарын үлкен құрметпен қарсы алды.

Қарағандыға ат басын тіреген сәттен-ақ ерекше қошаметпен қарсы алған халық, өнерпаздармен кездесіп сұхбаттасты. Кездесу барысында фестивальдің қалай өткені жайлы, ондағы түркітілдес халықтардың салт-дәстүрі өнерпаздардың алған әсері жөнінде әңгіме өз жалғасын тапты. Көшбастап барған аудандық мәдениет бос уақыт өткізу орталығының директоры Ғ.Қожамбаевты сөзге тартқанымызда: – Дүниежүзілік түркі халықтарының фестивалі үшінші рет ұйымдастырылып отырғанымен, Қазақстан алғаш рет қатысты. Фестивалге «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблі ұжымының қатысып, өнер көрсеткені біз үшін мәртебе болды. Әлем елдеріне қазақ халқының ұлттық

ауқымды маңызы зор фестивальдің бірі болды. Біздің ансамбльдің басты ерекшелігі ұлттық киімде болды. Барлық түркітілдес халық өкілдері таңқалып, ұстап, тіпті киіп те көріп, суретке де түсіп жатты. Оның ішінде, сәукеге деген сұраныс пен қызығушылық басым болды. Кештің көзайымы болған киіз үй, оның ішіндегі, ою-өрнектерімен құрылысы өзге ұлт өкілдеріне ерекше әсер сыйлады. Фестиваль әрбір халықтың ұлттық құндылығын, мәдениетін жоғалтпай көрсете отырып, болашаққа мұра ретінде қалдыру, жастарға насихаттау мақсатында өткенін тілге тиек етті.

Үлкен рухпен, шаттықты шабытпен келе жатқан «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің өнерпаздарын жерлестері «Домбыра» монументінің алдында қарсы алып, әжелеріміз шашу шашты. Аудан әкімінің орынбасары Д.Мұқатай абыроймен оралған жерлестерімізге аудан халқының атынан алғыс айтып, әлі де биіктерден көріне беруге ақ тілегін арнаса, ақсақалдар алқасының төрағасы С.Сыздықов ақ батасын берді. Мерейіміз асқақтай берсін, жерлестер!

Қ.Серікғалыұлы,
Ақтоғай ауданы.



2025 жылы Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауынан.

Ауқымды энергияның бастауы

Қазір біз әлемді АЭС-ы барлар және АЭС-ы жоқтар деп екіге бөліп қарайтын болдық. Уақыт соған жеткізді. Атом энергиясын қолдану тәуелсіздік алғалы арагидік айтылып қалушы еді. Тіпті бірқатар алғышарт та жасалды. Курчатова, Алматыда, Ақтауда реакторлардың іске қосылуы – соның дәлелі. Бірақ мәселе Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келгеннен кейін белсенді қозғала бастады. Мемлекет басшысы энергия тапшылығы алқымнан алғалы тұрған шақта атомсыз алға жылжудың мүмкін еместігін айтты. Кәнігі сарапшылар да кәсіби дәлел келтірді. Әлем тәжірибесіне үңілсек те, атом туралы әңгіменің бекер айтылмағанын бағамдаймыз.

Оңтүстік Корея 2038 жылға дейін 6 жаңа реакторды іске қосуды жоспарлап отырған көрінеді. Елде қазір 23 энергоблок жұмыс істейді және олар бүкіл электр энергиясының үштен бір бөлігін өндіреді. Сонымен қатар атом энергетикасы тариф өсімін де шектей алып отыр дейді кәріс шенділері. Егер осы күнге дейін көмір арқылы энергия тұтынып отырған болса баға қазіргіден 17 есе қымбат болады екен.

Францияда да жақын арада осыншама реактор салынбақ. Бұл елде атом энергетикасын дамыту 100 мыңға дейін жұмыс орнын құруға жол ашады. Ядролық энергия өндіруден көшбасшы саналатын Францияда қазір 50-ден аса реактор жұмыс істеп тұр. Жақын жылдары тағы алтауының құрылысы басталады дедік қой, соған 100 мыңға жуық адам жұмылдырылмақ. Жалпы алғанда, атом электр стансасын салу және пайдалану мынадай игіліктерді туындатады:

Тікелей және аралас салаларда бірнеше мың жұмыс орны ашылады;

Ауаға таралатын зиянды зат мөлшері азаяды;

Электр энергиясы бұрынғыдан да қолжетімді бола түседі;

Әлеуметтік лифт күшейеді;

Реактор маңайындағы елді мекендердің инфрақұрылымы жақсара түседі.

«Бір қызығы, елде жаңа реакторлар салу бағдарламасы жарияланған кезде, көптеген аймақ атом электр стансаларын өз аумағында орналастыру құқығы үшін күресті бастап кетті. Бұл – жергілікті деңгейдегі құлшынысты көрсететін маңызды белгі. Өйткені АЭС құрылысынан өңірге мультипликативті әсер болатынын олар жақсы түсініп отыр», дейді I2EN халықаралық атом энергиясы институтының директоры Ян ван дер Лее.

«Ұлттық ядролық орталық» бас инженерінің орынбасары Денис Зарваның сөзінше, дәл қазір елімізде энергия тапшылығының алапат қарқынмен өріс алып келе жатқаны жасырын емес. «Шынын айтқанда, елдегі жылу электр стансалары өзінің ақырғы ресурстарын сарқып пайдаланып жатыр. Жылу электр стансалары маңындағы радиациялық сәуле АЭС маңындағы сәуледен (табиғи нормаға сәйкес) бес есе артық. Себебі көмірде табиғи радионуклидтер бар, ол жанғыш өнімдермен бірге атмосфераға таралады. Оның

үстіне біздің алдымызда 2060 жылға таман көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндеті де тұр. Біз үшін атом энергетикасы таңсық нәрсе емес. Мәселен, Ақтауда әлем елдері арасында алғашқылардың бірі болып жылдам нейтрондағы тәжірибелік-өнеркәсіптік реактор жұмыс істеді. Қазір де үш реакторымыз бар», дейді маман. Оның айтуынша, кадр мәселесінен де кемшілік болмауға тиіс. Өйткені дәл қазір отандық атом саласында 17 мың маман еңбек етіп жүр. «Үкімет те атом энергетикасының жаңа мамандарын даярлауға ден қойды. Қазір де жоғары білімді азаматтарымыз бар. Қай реакторды таңдамасақ та, оның маман дайындайтын құзыреті біздің пайдамызға жұмыс істейді. Бізге ел экономикасын дамыта түсу үшін энергия көздерін әртараптандыру өте маңызды. 2025 жылға дейінгі энергетикалық баланста 26,5 ГВт жаңа генерация енгізу жоспарланған. Бұған генерацияланған базалық қуаттылықтың 10 пайызын беретін АЭС те қосылады деп үміттенеміз», дейді Денис Зарва. «Ядролық физика институты» бас инженерінің орынбасары Асхат Бекбаевтың сөзінше, АЭС-ке қатысты күдік-күмәнді объективті фактілермен сейілтуге болады. «Біріншіден, құрылыс және атом электр стансасын пайдалану кезіндегі басты басымдық қауіпсіздікке беріледі. АЭС құнының 40 пайызы қауіпсіздік жүйесіне бағытталады. Екіншіден, еліміздегі АЭС құрылысында III және III+ санатына тиесілі технологиялық құрылыстарды пайдаланады. Мысалы, Чернобыльдегі АЭС – 1977 жылы, Фукусима АЭС-і 1971 жылы салынған. Үшіншіден, статистика бойынша атом электр стансаларында аса қауіпті апат 10 миллион жылда бір мәрте ғана болуы мүмкін. Бұл ретте жылу электр орталықтарындағы апаттың туындау ықтималдылығы 80 есе жоғары», дейді маман. Сала сарапшыларының сөзінен ұқсанымыз, ядролық реактор көмегімен аз отын шығындай отырып көп энергия алуға, тұтынуға болады. Бұл – тиімді әрі экономикалық тұрғыдан пайдалы. «Егер біз жеткілікті қуаттылықпен АЭС тұрғызар болсақ өз қажеттілігімізді жауып, тіпті АЭС-і жоқ көрші елдерге экспорттай да аламыз. Қуаттылық бойынша да, электр энергиясының бағасы бойынша да тұрақты бола түсеміз», дейді атом және термоядролық энергетика саласының зерттеушісі Инеш Кенжина. АЭС – еліміздің энергетикалық саясатының маңызды бағыты. Кейінгі кездері жаңартылатын әрі баламалы қуат көздерін дамытуға нақты бағыт алдық. Еліміз жалпы энергия теңгерімі құрылымындағы жаңартылатын қуат көздерінің сапалы өсімін 3%-ға жеткізді. Осыған дейін бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 10%-ға дейін өсіруді мақсат еттік. Енді Мемлекет басшысының тапсырмасымен жаңартылатын қуат көздерінің үлесін 15%-ға дейін жеткізбекпіз. Сол себепті, АЭС құрылысының ел дамуына мультипликативті әсерін толық ұғынуымыз қажет.

Абай АЙМАҒАМБЕТ.
Egemen Qazaqstan.

Республикалық Референдум туралы

Ағымдағы жылдың 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі мәселелер бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы кезекті отырысын өткізіп, сайлау округтерін құру және сайлауды тағайындау туралы тиісті шешімдер қабылданды. Сондай-ақ сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі күнтізбелік жоспары облыстық сайлау комиссиясынан алынып, аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының ұқсас жоспарларын әзірлеп, бекітті. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, сайлау учаскелерінің шекаралары жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, аумақтық сайлау комиссияларының интернет-ресурстарында және арнайы ашылған Facebook әлеуметтік желілерінде жарияланады. Осы аталған барлық жарияланымдар сайлау заңнамасында көзделген.

2024 жылдың 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу мақсатында Ақтоғай аудандық мәслихатының шешімімен сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізіліп, комиссия құрамы сайланды.

Осы аталған референдум науқанына 39 сайлау комиссиясы қатысады, оның ішінде 1 аумақтық және 38 учаскелік сайлау комиссиясы қамтылып, барлығы 213 комиссия мүшелері жұмылдырылады.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы кезекті отырысында комиссия құрамымен учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің біліктілігін артыру мақсатында оқыту мәселелері пысықталды. Нәтижесінде облыстық, аудандық сайлау комиссияларының қатысуымен оқу офлайн форматта қалыптасқан оқытудың каскадты әдісін тұрақты негізде қолдана отырып ұйымдастырып өткізу бағытында тиісті жоспар бекітілді. Осы аталған оқу-семинарлары облыстық сайлау комиссияларының қатысуымен, аудандық сайлау комиссияларының қатысуымен ұйымдастырып өткізілді.

Ақпараттық баннер әзірленіп, ауыл, кент, ауылдық округтердің орталық көшелеріне орналастырылды. Оның ішінде 1 ауыл, 2 кент, 13 ауылдық округ қамтылған. Сайлау учаскелерінің ғимараты алдына ақпараттық күнтізбелік баннер әзірленіп ілінді. Аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және арнайы ашылған әлеуметтік желіде ақпараттық материал жариялануда.

Сайлау учаскелері Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен нұсқаулыққа сәйкес дауыс беруге арналған үй-жайлар мен дауыс беру пунктері сайлау кезеңіне материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сайлау учаскелері жұмысын бастауға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

А.Алибаев,
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

Қарағанды облысының өңірлік кадр резерві жасақталды

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауында жоспарланған реформаларды жүзеге асыру – мемлекеттік қызметшілердің құзыретіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты екенін атап өтті.

Бүгінгі таңда Республика деңгейінде және облыс деңгейінде жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Сол жұмыстардың жалғасы ретінде биыл алғаш рет өткізілген Өңірлік кадр резервіне іріктеуді айтуға болады. Жобаның негізгі мақсаты – жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту болып табылады.

Өңірлік кадр резерві жобасы ағымдағы жылды 1 наурызынан бастау алды. Жобаға іріктеуді Облыстың Кадр комиссиясы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы

бойынша департаментімен бірлесіп жүзеге асырды.

Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады.

Іріктеуге:

– 35 жастан аспаған;
– жоғары білімді;
– және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алды.

Облыс аумағында іріктеу 7 салалық бағыттар аясында жүзеге асырылды:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
- 2) экономика және қаржы;
- 3) әлеуметтік сала;
- 4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;
- 6) цифрландыру;
- 7) экология.

Өңірлік кадр резервінің мүшесі болу

үшін үміткерлер

5 кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өтті.

1 кезең – резервке іріктеуге қатысу үшін кандидаттардың құжаттарын қабылдау.

2 кезең – заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу.

3 кезең – құзыреттерді бағалау. Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің сүйемелдеуімен, Мемлекеттік басқару академиясы (Астана қаласы) базасында офлайн форматта өтті.

4 кезең – комиссиядағы құрылымдық сұхбат.

Аталған кезеңнің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында облыс көлеміндегі салалық сарапшылар қатысты, сонымен қоса қоғамдық бірлестік және бұқаралық ақпарат өкілдері сарапшы ретінде қатысқанын атап өту қажет.

5 кезең – комиссияның отырысында резервке кандидаттарды қабылдау туралы шешім.

Қарағанды облысының өңірлік ре-

зервіне 364 азамат қызығушылық танытты.

Іріктеу кезеңдерінің алғашқы 3 кезеңінен сүрінбей өткен 43 үміткер іріктеудің 4 кезеңіне (құрылымдық сұхбатқа) жіберілді.

Құрылымдық сұхбат кезеңінде 43 үміткер өз жобаларын презентациялау бойынша қорғап шықты.

Жобаның қорытынды шешімін шығару үшін ағымдағы жылдың тамыз айында, өңірлік кадр комиссиясының қорытынды отырысы өткізіліп, нәтижесінде Қарағандының өңірлік кадр резервіне 25 үміткерді іріктелді.

Резервке алынған 25 үміткердің резервте тұру ұзақтығы 2 жыл. Алдағы уақытта резервшілер мемлекеттік қызмет саласында өз жұмыстарының нәтижесін көрсетеді деген сенімдемиз.

Ж.Сәрсен,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің Қарағанды облысы
бойынша департаментінің
басшысы.

* Құқық заңнамасы

Заңды мүддесі қорғалып, бұзылған құқығы қалпына келтірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің функцияларының бірі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру болып табылады.

Ағымдағы жылы Департамент қызметкерлерімен 10 нан астам қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Соның ішінде, Департаментке Қарағанды қаласының тұрғыны Қарағанды облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен ұсынылған жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуден бас тартумен келіспейтіні туралы және бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді сұрап шағым білдірді.

Өз кезегінде Департамент шағымды объективті және жан-жақты қарау үшін маңызы бар құжаттарға құқықтық талдау жүргізді.

Шағымды қарау қорытындысы бойынша Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің атына Департамент қызмет алушының мүлкі техникалық параметрлерге сәйкестігі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге жолдау арқылы заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс-хат жолдады.

Осылайша, Департаменттің көмегімен қызмет алушының жылжымайтын мүлігіне құқықтары тіркеліп, бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірді.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру мәселесі мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде ерекше бақылауда.

Қ. Темиржанов,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша
департаментінің мемлекеттік қызметтер

* Мемлекеттік қызмет

16 қыркүйек күні аудан әкімдігінде аудан әкімінің орынбасары С.Амралиннің төрағалығымен мемлекеттік қызметшілер арасында семинар-кеңес өтті. Күн тәртібінде: бүгінгі күннің өзекті мәселесі «Лудомания (құмар ойынға тәуелділік). Ойынқұмарлыққа салыну» тақырыбы қаралды. Кеңес төрағасы тақырыпқа байланысты ақпарат беріп, бүгінгі күні адамдардың құмар ойындарға тәуелділігі, яғни жалпы сөзбен айтқанда

жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартуға міндетті екендігін нақтылып айтты.

Кеңесте, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті 2024 жылғы 5 қыркүйекте Әдеп жөніндегі уәкілдермен және облыстың орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерімен лудомания бойынша

««Лудомания» Ойынқұмарлыққа салыну», тақырыбында семинар өтті



«лудомания» қоғамда өзекті мәселенің бірі болып отырғандығы жайлы кеңінен тоқталды. Лудомания - бұл адамның ойындарға, шамадан тыс және бақыланбайтын әуестігі. Бұл мінез-құлық адамды ойындарға эмоционалды және қаржылық жағынан тәуелді етіп, өмірдің басқа салаларынан елеусіз қалдыруына әкелетіндігі, тақырыпқа өзек болды. Осыған байланысты елде патологиялық құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу бойынша бірқатар шаралар қабылданғандығы тілге тиек етілді. Үстіміздегі жылдың 8 шілдесінде Мемлекет басшысы ойын бизнесі, лотерея қызметі және лудоманияға қатысты заң жобасына қол қойғандығы, атап айтқанда, құмар ойындарға бас тигуге қатысуына тыйым салынатын адамдар санатының тізімі кеңейтілді. Заңда сонымен қатар, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне толықтырулар енгізілді, оған сәйкес мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерін орындауға байланысты

семинар-кеңес өткізгендігі, онда спикер ретінде Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бірінші жедел басқармасының аға жедел уәкілі Ә.Б.Бақшиев, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің академиялық жұмыс жөніндегі проректоры, PhD докторы М.М.Умуркулова және аталған жоғарғы оқу орнының психология кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторанты Д.Ф.Мұхамедқаримова қатысып бүгінгі күннің өзекті мәселесі жайлы жан-жақты ақпарат берілгендігі айтылды. Жиын барысында қатысушыларға ойынқұмарлықтың алдын-алу және мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар түсіндірілді, өз кезегінде қатысушылар өз пікірлерімен бөлісті. Семинар кеңеске оған кент, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары, жалпы мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

Г.Елеусізова.

* Ұлт руханиятының көрнекті өкілі Қайырбек Сәдуақасов – 80 жаста



Арқа жұртының ардақты ұлы, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, Ұлт руханиятының көрнекті өкілі. Мәдениет майталманы, Қарымды қаламгер, Тіл жанашыры. Ақын, прозашы, аудармашы, публицист, Алаштанушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәдуақасов Қайырбек Изатбекұлы 1944 жылғы 6 наурызда Ақтоғай (бұрынғы Қоңырат) ауданының Шабанбай би ауылдық округінің Ахметжан қыстағында туған.

Қ.Сәдуақасов ертеден негізгі қызметімен қатар журналистика және әдебиетпен айналыса бастаған. Оның алғашқы өлеңдері мен мақалалары газеттер мен журналдарда жарияланған. Ол бертінде ҚР Жазушылар Одағы облыстық ұйымының басқарма мүшесі болған, ҚР Жазушыларының «Аққұс» одағы облыстық ұйымының төрағасының орынбасары болып сайланған. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Жезқазған облыстық ұйымын құрған, оның алғашқы төрағасы болып сайланып, осы ұйымның «Аян» («Ақиқат») газетін шығарған. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру мен оның қоғамдағы қолданыс

аясын кеңейту ісімен толассыз белсене айналысып келеді. Кезінде Қазақстан Халық бірлігі партиясының облыстық басқармасының төрағасы болып сайланған. Қ.Сәдуақасов «Шабанбай би», «Әлихан Бөкейханов», «Әлімхан Ермеков», «Жақып Ақпаев», «Земля древняя – земля молодая», «Жезқазған өңірінің тарихы», «Қазақстанның інжу-маржаны – Жемчужина Казахстана», «Орталық Қазақстан – Центральный Казахстан», «Қазақстан: жетістіктерге жетелеген жол» танымдық кітаптарының авторы. Оның «Уақыт-жесебе» өлеңдер жинағы, «Алаш алыптары», «Алаштың Ақтоғайы», «Әлихан әлемі», «Ән падишасы» зерттеу кітаптары жарық көрген. Қ.И.Сәдуақасов Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» және басқа бес медальмен, «Тіл жанашыры» Құрмет белгісімен, ҚР Үкіметінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Сонымен бірге ол – ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы.

«Ері жеріне тартып туады»

Жүзіне жарқындық пен имандылық қатар қоныс тепкен Қайырбек Изатбекұлының үлгі тұтарлық адами қасиеттерінің қайнар бастауында қазақ елінің мемлекеттілігі үшін күрескен Алаш қозғалысының көшбасшылары Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақпаев, қазақ опера және театр өнерлерінің негізін қалаушылар, күміс көмей әншілер Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов сынды тұлғалар шоғырын дүниеге әкелген нұрлы да әсем Ақтоғай елінің тұрғанын айтқан жөн.» Алаш аманатына адалдықпен қарайтын, ұлттық өнердің жанашыры Қайырбек Сәдуақасов туралы «Жүректе қайрат болмаса» айдарында. Өткеннің өрнегін, бүгіннің бергенін санаға салып, салмақтап қарасаң, тиегі ағытылып, тілі шешіліп, көп жайт көңілдің тақтасына түсе қалады. Бабадан қалған салты мен атамұра дәстүрін ерекше қастерлейтін, өнері мен өлеңін, қасиетті тілі мен ділін төбесіне көтеретін осынау бір қазақи өңір 1944 жылы 6 наурызда дүниеге есігін ашқан Қайырбектей ұлын әрдайым асулы армандарға құлаш ұрғызып, ізденіс мақсаттарға жетеледі. Қайреке болса сол биік межелерден табыла білді, әлі де табылып келеді. Сарыарқаның сары даласында балдәурен балалық шағы өткен Қайырбек тез есейді. 1960 жылы 16 жасында М.Горький атындағы №1 Ақтоғай орыс орта мектебін алтын медальмен бітіре салысымен еңбекке араласты. Еңбек жолын Қоңырат аудандық байланыс саласында техник болып бастап, Қарағандының «Гипроуэлогормаш» ғылыми-зерттеу институтында лаборант, Ақтоғай орта мектебінде мұғалім болды. Бүгінде дүйім елді тәңгі ететін терең танымдылығы мен білім парасаттылығы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қабырғасында қалыптасты, мұнда білім нәрімен сусындай жүріп, еңбек етумен де айналысты, атап айтқанда, кафедрада лаборант және кабинет меңгерушісі қызметтерін атқарды. Аталмыш оқу орнының физика факультетін бітірген соң туған жеріне оралып, өзі оқыған мектепте директордың орынбасары, Ақтоғай аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып, айтулы ағартушыға айналды.

Тұлпардың тегін тұлпар таниды, сұңқардың самғауын сұңқар ғана көре алады. Адамгершіліктің игі қасиеттерін бойына ұйытқан талант иесін жазбай таныған ел ағалары Қайырбек Изатбекұлына жаңа өріс ашты. Өз кезегінде, бұл Сәдуақасовтың қоғамдық-саяси өмірге етене араласуына мол мүмкіндік берді. Өткен ғасырдың 70-жылдары басынан Ақтоғай, Жезді, Жезқазған, Қарағанды елді мекендерінде аудандық, сондай-ақ облыстық деңгейлердегі партия, кеңес және атқарушы органдарында түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Философтардың тілінде «Сократпен де, Зенонмен де тіл таба біл» дейтін нақыл бар. Біріншісі қанша өмір

сүргің келсе, соншама мүмкіндік жасайды, ал енді екіншісі ажалыңнан бұрын өлтіреді екен. Ол кісі қай қызметте жүрсе де талай Сократ, талай Зенондармен үзеңгілес болса да тіл табыса білді. Асыл мінез иесі еш уақытта өзін дараламай, бөлінбей, жұртты біріктіре жүрді. Кейіпкеріміз қоғамдық жұмыстармен де айналысып, өлкетану істеріне белсене араласты, аймақтық тарихын және әйгілі перзенттерінің өмірлері мен шығармашылығын зерттеуге, олардың есімдерін жұрттың жадына сіңіруге, тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғыртуға, мәдениет пен өнерді өркендетуге, әсіресе қазақ тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауға ұйтқы болды. Шыны керек, сол бір тұс қазақ тіліне бақыты мәселелер төңірегінде арыстан қақпан ауылдай алыс-жұлысы, айтыс-тартысы, арбасуы әрі айқасуы жетіп артылатын шақ еді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына, оның қолданыс аясының кеңеюіне небір түрлі қарсылықтар білдіріліп, іштен шалып жататын жағдайлар аз еместін. Баспасөз беттеріндегі қазақ тілінің жай-күйі жөніндегі мақалалар бітіспес күрестің сипатында еді. Мұндай ортаға рухы мықты, төзімі зор, ұлтым деп ұйқысы қашып, жұрттым деп жабығатын, елін ерекше сүйетін адам ғана ат басын бұруға тәуекел етері шындық. Міне осы бір тағдырлы сәтте Қайырбек Изатбекұлы Сәдуақасов Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құру жөніндегі Жезқазған өңіріндегі бастамашысы және де құрылтайшысы, оның облыстық басқармасының алғашқы төрағасы болып сайланды, облыстық тіл басқармасының бастығы болды, сөйтіп ана тілімізді мемлекеттік тіл тұғырына қондыруға, қолданылу аясын барынша кеңейтуге, оның беделін арттыруға көп жұмыс жасады және тәуір жетістіктерге қол жеткізді.

Халқымыздың өсиеті мен өнегесін, ақ батасы мен адал тілегін, дәстүрін, дәріптер тағылымдарын, мәуелі пікірлерін, қанатты сөздерін жинақтап, дүйім елге үлгі етуді өзіне парыз деп санаған Қайреке, бұл бағытта да айтарлықтай еңбек етті. Мәселен, әйгілі қоғам қайраткерлері, оның ішінде Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақпаев, Әлімхан Ермековтің, айтулы ақындар мен әншілер, күйшілер, суретшілер, билер және халық батырлары Шабанбай би Қалқаманұлы, Досұлы Жидебай батыр, Сарым Жалаңтөс (Соқыр) батыр, Ақжолтай Ағыбай батыр, Шортанбай Қанайұлы, Әсет Найманбайұлы, Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқа, Шашубай Қошқарбайұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Қожабай ақын, Тайжан Қалмағамбетұлы, Болман Қожабайұлы, Маясар Жапақұлы, Қасым Аманжолов, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ақжан Машанов, Сахи Романовтың тиісінше мерейтойлары, сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдығына,

Қазақтардың халықаралық бірінші құрылтайына, Сарыарқадағы құсбегілердің тұңғыш республикалық, халықаралық «Бүркітші қансонарда», «Салбурын» сайран - сайыстарына, атаулы даталарға, кәсіптік мерекелерге арналған шаралардың сценарийлерін жазып, ұйымдастырылуына тікелей басшылық жасап, олардың абыройлы өткізілуіне қоян-қолтық араласқаны жұртшылық жадында.

Қайырбек Сәдуақасов Жезқазған облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, осы облыстың мәдениет басқармасының бастығы, облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметтерін атқарған тұста бұл салаға ерекше мән беріп, көптеген игі істерді қолға алды. Атап айтқанда, ол Ұлытау тарихи-мәдени және табиғат қорығы, Ақтоғай-Қызыларай тарихи-этноархеологиялық ұлттық қорық паркі, Ортау-Дарат шығыры қорығының концепцияларын дайындады. Жезқазған облыстық тарихи-археологиялық музейінің, аталмыш Ұлытау республикалық қорығы, Жездідегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі, Ақтоғай аудандық тарихи-археологиялық-этнографиялық, С.Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық әдеби-мемориалдық музей-кешені, Шортанбай атындағы Шет аудандық тарихи-этнографиялық музейлерінің ұйымдастырылып ашылуына белсене араласты. Ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін мәңгілікке сақтау үшін Жезқазған облысындағы музейлердің ол жайындағы тақырыптық экспозициялар жасалуына, сонымен бірге Павлодар облысының Баянауыл аудандық музейінің Жезқазған өңірінің минералдары және экспонаттарымен толықтырылуына септесті. Мұның сыртында Қайырбек Изатбекұлы жыл сайын дәстүрлі өткізіліп отыратын «Ұлытау үні», «Байқоңыр дауысы» фестивальдерінің, ең алғашқы наурыз бен өзге де мерекелердің концепциялары мен сценарийлерін дайындап, режиссураларын басқарды. Фестивальдердің арқасында көптеген әнші, күйші, бишілер, суретшілер, сазгерлер, колөнер шеберлері аймаққа, республикаға кең танымал өнерпаздар атанды. Осылайша талай бұлақтың көзін ашты, арнасын кеңейтті. Бейнелеп айтсам, ол шілденің аптабы мен аңызағында саясында сан адамды паналатқан өнер дейтін ғаламат әлемдегі ғажап бәйтерекке айналды.

Сәдуақасовтың айрықша сүйсініп араласқан істерінің бірі – айтыс өнері. Ұлтымыздың осындай бірегей де асыл рухани мұрасын жандандыру, қалпына келтіру, дамыту, бұрыннан бойында осындай қасиеті бар жасамыс ақындарды тарту, жас дарындарды баулу ісімен ынта-ықыласпен айналысты. Сол тұста өз заманының зейіні зерек теңдессіз журналисі, көсемсөзші Камал Смайыловтың қолдауымен, барша алашқа танымал ақын, журналист Жүрсін

Ермановтың өткен ғасырдың 80-жылдары ұйымдастыра бастаған теле - айтысы қазақтың айтыс өнерінің қайта өрлеген ренессанс дәуірінің бастау бұлағына айналды. Сол жылдары тек оқушы-жастардың Жезқазған облыстық айтысына 40-тан астам жасөспірімнің қатысқан кездері болды. Сондай-ақ, жыршы-жыраулық, термешілік өнер де қоса өркендей бастады. Осы кезеңде әйгілі ақын, жырау-термеші, «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» Шынболат Ділдебаев бастаған Жезқазған облысының айтыскер ақындары өз еліміздегі тұңғыш рет өткізілген республикалық командалық айтыстың жеңімпазы болуы өлкенің айтыс өнеріндегі әлеуетінің мығым екендігін нақты дәлелдеп, жас буын ақындардың терең іздене бастауына үлкен себепкер болды. Қазіргі елге танымал айтыс майталмандардың, жас берен талапкерлердің көпшілігі Орталық Қазақстан түлектері. Олардың алдыңғы буынының біразы бүгінде айтулы ғалым, белгілі журналист, танымал қоғам қайраткері болып жүр.

Иә, мына өмірде қалай дегенмен де тынымсыз еңбек жеңіс береді, ақыл-ой бағаланады, талант танылады. Өмір жолы бай Қайырбек Сәдуақасовтың өнер өлкесін өзгелер өсірмеген өзгеше гүлмен көмкерген көп жылғы қиын да қастерлі еңбегі, халқына жасаған адал қызметі үкімет наградаларымен – «Ерен еңбегі үшін», «Тың игерудің 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медальдерімен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Құрмет грамотасымен арнайы аталып өтті. Ол «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» атағына ие болып, «Тіл жанашыры» Құрмет белгісімен марапатталды. Қайырбек Изатбекұлы – Қарағанды облысындағы Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы.

Шу бойының сүлейі, «Құтты біліктей» рухани биік қазына иесі Жүсіп Баласағұн «Қадірлі кісі қартаймайды» деген екен. Дал осы сөз Қайрекеге арнап айтылғандай. 75 деген мерейлі жасқа қадам басқан сәтінде де ол жұмыстан қол үзген жоқ. Бүгіндері Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ақпараттық қамтамасыз ету департаментінің баспасөзге мониторинг жасау жөніндегі кеңесші. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Рухани қоржынында сан алуан жүк теңдері бар және бола да бермек. Олай болса, сексеннің ауылына қарай керуен тартқан көшңіз көлікті болсын, құрметті Қайреке!

Кенжеболат Жолдыбай,
саясаттанушы,
«Құрмет» орденінің иегері.



Ақтоғай – ақ мекенім ардай аппақ

Атамекен Ақтоғайым

Ақтоғай – ақ мекенім ардай аппақ,
Ашылған ақ желкенім алға тартпақ,
Арнаймын ақ тіледі ақ батаңмен,
Ақтауға аманатты арман артпақ.

Ақтоғай – ақ қайыңды атырабым,
Арқаның алақаны – жапырағың,
Сан ұрпақ кәусарыңа қанып өссін,
Тұнық бол, қарт өзенім Тоқырауын.

Берсе де ұлына ақыл, қызыңа рай,
Бағалар өмірдегі ізіңе орай,
Өседі тау баласы тауға қарап,
Биік бол, Бегазы мен Қызыларай.

Қияда татып өскен жыр-ән дәмін,
Болмайды төмен ұшса қыранда құн,
Ақтоғай, сенің арқаң самғап жүрсе
Төсіңнен түлеп ұшқан ұландарын.

Ақтоғай – жеке-дара иран-бағым,
Атыңды атап сыртта сыйланғанмын,
Ат ізін сирек салсам сағынғанмен,
Даңқыңа данқ қоса алмай
киналғанмын.

Қазақтық тұнып тұрған Ақтоғайым,
Сыйынбай саған қадам аттамаймын,
Дүлдүл мен бұлбұл туған мекенімді,
Уа, тағдыр, қаз-қалпында сақта
лайым.



Аламан заңы

Жігіттің далада өскен, қаны бары,
Күмән жоқ хас жүректі сағынары,
Себебі, біткен емес табиғатқа
Жетілген дәл жылқыдай жануары.

Тиген соң тақымына табынары,
Тыпыршып, бүйір қызып, жанығары,
Құйындап жер қуыра жүйткігенмен
Жылжиды шапқан сайын сағым әрі.

Белгілі бәсекелес табылары,
Бес қару батыраштар тағынары,
Бәйгеге Құлагерлер қосылғанда
Қуам деп, құлағам деп сабылары.

Ісі жоқ жұртқа жағар мағыналы,
Бар ойы олжа-атақтан қағылары,
Кеудемсоқ тыраштанған толып жатыр
Бостан-бос шығын болып тағы малы.

Табылар табындыға жағынары,
Қимайтын тағын әлі қағынары,
Қойт-қойтпап елергенге дем береді
Сұңқылдап ту сыртынан жағы бары.

Белгілі оза қалсаң жабығары,
Бүйірлеп, жеке шықсаң, жабылары,
Ал егер түк таппаса, амал қылып,
Дау айтып, күмән жасап шағынары.

Кездесер бірден тауы шағылары,
Шайнасар құлан тектес тағылары,
Беттеуші мәресінен беті қайтпас
Болса егер сайыс-күрес нақ ұнары,

Керек қой ұзақ жолда сабыр әлі,
Барлығыр ұшпалықтың табы бары,
Үзенгі қағысып кеп, күшін сақтап
Ұмтылар көмбе көрсе жаны бары.

Бір-ақ заң бәрінің де бағынары:
Озады ащы термен бағы бары,

Ойы адал оң сапарға бата берсе
Сене бер, жол шырағы жағылары.

Сыналар сан додада бағың әлі,
Түсетін таразыға тағы бәрі,
Беріндер азаматқа сай сәйгүлік,
Абырой әпермеген жабылары.



Мәңгі сұрақ немесе Әлем мен Мен

Қиялымды өзімсіз тежемек кім,
Бас сауалын фәнидің ежелеппін:
Адам-Ата, Науа-Ана сұрағы бұл –
Неге келдім өмірге, неге жеттім?

Тез солдырып Жаратқан, тез гүлдетіп,
Өткізе ме өмірді сездірмей түк?
Бұл әлемде Кіммін деп сұрап өтем
Бақи-сағат соққанша мезгіл жетіп.

Адамды ұқсам, ұғам ба мен Әлемді?
Абайды ұқсам, ұғам ба мен Өлеңді?
Қайдан табам жегідей сұрақтардан
Жай таптырар жанымды мен дәл
емді?

Босқа келіп өмірге, босқа өттім бе,
Өкінішім өрт болып, еш кеттім бе,
Өр тәніме ұялап жұмбақ жаным,
Екі әлемде үлгердім тос деп кімге?

Уланып жан, таяқты татып дене,
Уысыңнан сусиды уақыт-жебе,
Тірілердің тірелер сұрағы бір:
Тіршілікте бақ қайда, бақыт неде?

Қалай ғана заманға сай құт табам,
Билікте ме бар бақыт, байлықта ма,
Білімде ме ол әлде мыңды жыққан?...
Салмақтап ал, үстіртін жай құптама...

Алданбаңдар, жарандар, алданбаңдар,
Аштан өлген байлыққа малданғандар,
Қан қақсатқан такқұмар қор боп өтіп,
Білімі асып бассыз да қалғандар бар.

Болғанменен бақ құсы қонғандарың,
Болған емес бақытқа қанғандарың.
Бақытсыздық – парызың өтелмеген,
Бақытсыздық – адасқан армандарың.

Дүние ортақ, әр жанда Әлем бөлек,
Жөн кеткенің, бақ жанса өренді елеп,
Тыншығады Табиғат жер-бесікке
Жер тарпыған Тұлпарың әрең бөлеп.

Мен де өтемін өмірден Әлемді ойлап,
Әлеміме жас буын әрең бойлап,
Ұғымдысы ұрпақтың тәуеп етер
Өткен сайын тұсымнан әлем байлап.



Адаса көрме, азамат!

Бар ғалам апыр-топыр, күнде өзгеріс,
Бар адам пікірдайда, кіл төңкеріс,
Бағалау оңай тимес көп ағымның
Болары кімге дұрыс, кімге теріс.

Желік көп, желсөз де көп
желтілдеткен,
Жетеді желөкпелер еркін кеткен,
Сенуге тұра ма сол пысықайлар
Кешегі ант-су ішкен сертін тепкен.

Бар адам бірдей болып жаралмайды,
Аңызы Нұх пайғамбар оралмайды,
Біреуге қазған оры өз көрі боп
Ойсыздың өз басына болар қайғы.

Егеспен талай гасыр өтпеді ме,
Түбіне талай ердің жетпеді ме,
Жау іздеу маңайыңнан маңдайыңа
Тимей-ақ, сабақ болмай кеткені ме?..

Жетелеп кетпеу керек көктегі елес,
Жеңіске шарт болмайды кек-төбелес,
Басқаны күстаналап, өзі өрлемей
Еш халық бақытына жеткен емес.

Жаңғыртар ой тугызар жаңа заман,
Ұмтылмай үні шықпас саны аз адам,
Іргеміз сөгілмесе деп тілеймін,
Түн ұйқым төрт бөлініп жан азадан.

Дана да жасай алмас бір Заңдылық,
Бәрі де табиғаттан... Құр
жаңғырық,
Әрекет бағдарларын парасатпен
Іріктер ізгі жолын ождан біліп.

Ойласаң, Тірлік Заңы қарапайым,
Кәдеге, құлақ түрсең, жаратайың:
Қатыссыз нәсіл мен тек ешбір оған,
Қатыссыз ойдан шыққан дара пайым.

Сыйласпай бір үйдегі сыя ма адам,
Сабырсыз пана болмас қия, далаға,
Меніңше, тіршіліктің тұңғышы Заңы:
«Бірлік бар жерге тірлік ұялаған».

Өйткені еш адам да таңдай алмас
Өз ұлтын ата-анаға заңдай жалғас,
Шалт басса іргедегі мәңгі қоңсы
Отына өзі үрлеген жанбай қалмас.

Ежелгі екінші Заң, бертінгі емес:
«Еңбексіз ешбір қоғам өркендемес»,
Мың сөзден бір іс артық берекелі,
Байлықсыз заман сені ертем демес.

Тосыннан шарттылықтың күшің
бұзам,
Бәрінің алғышарты – үшінші Заң,
«Білімді мыңды жығар» деген сөз
бар,
Бастаған тек біліммен ісіңді ұғам.

Шектелсең көруменен жуық маңды,
Көздерің ашық деген жұмық қалды,
Кезеңі қиялилар барады өтіп,
Заманы зиялылар туып мәңгі.

Басынан төр бұйырмас қалсаң
жасып,
Білімге дүние есігі барсаң ашық,
Бар ұлттың ұлы болсаң көптік
қылмас
Әлемнің Перзентіңше алашаң басып.

Тоқалдан туған ұлт жоқ бұл ғаламда,
Отар боп қалмас бір ел шырғалаңда,
Ерінше еңселі елдің ентелей түс
Үшінші мыңжылдықта тұрған алда.

Әкімдік қыспағында бұрын бұтың,
Бұлжымас Күрес Заңын бүгін ұққын:
Бір істе әрекеттен айырып ал
Арасын ізгілік пен зұлымдықтың.

Махаббат өрті (Шаттық тауы Шатыршаны сағынғанда)

Шарпыды өрті –
Махаббат дерті,
Еш әуре болма жазам деп,
Сен жазылмайсың,
Тек қабылдайсың
Өзіме лайық назам деп.

Болам деп бодан
Қорықпа одан,
Жағалай жұққан бұрыннан,
Табиғат серті –
Махаббат өрті
Тұтанған күннің нқрынан.

Жан-гүлің білер,
Жаңғырып түлер,
Сүрлеуің бастап жол-сертке,
Өртіңде лаулап,
Өнесің қаулап,
Лайықты болсаң ол өртке.



Жолайрықта

Ұғушы екі дүниені кеше ғана
Дос мынау, дұшпан анау өесе ғана,
Төңкерген түсінікті заман туды
Беретін бір ұғымға неше мағына.

Сендіріп пайғамбардай мұлы
жандар,
Ақтардық күмән тумас қилы
томдар,
Ақиқат пұшапын да ұстай алмай
Адасты бір жан емес, миллиондар.

Сеніппіз жоқ қоғамға қияндағы,
Қол созып бақ-құсына қиялдағы,
Еркіндік келді еді, есеңгіреп,
Еліміз есін тағы жия алмады.

Бұл өмір, бұл бір емес, жиі алдады,
Елесті халқым тағы қия алмады,
Боздақтар босқа кеткен көзге
елестеп,
Біржолға жалтақтығын тыя
алмады.

Таба алмай кінәліде өткен өшің,
Даурықты, есептемей көпке күшің,
Дабырлап ойдағысын айтып жатыр
Масайрап жария-сейіл жеткені
үшің.

Мінбер көп, дауысыңды талай
тыңдар,
Көбейді көпірмені қалайтындар,
Қымызын сіміріп ап саптаяқтан
Сабынан қарауылдап қарайтындар.

Ойланбай неге жеттік, неге келдік,
Көп жылдар жоғарыға шегелендік.
Тағы да жолайрықта қапы қалма,
Қолыңа бір тиген соң егемендік.

Жұртыма үйір еді зиян жағы,
Не жеміс береді екен қиял бағы,
Ұрпақтан ұлмастай болса, шіркін,
Тағдырдың тосып тұрған сыйы
алдағы.

Қайырбек Сәдуақасов.



Шөженов Жұмағұл,
Қазақстан Республикасының Құрметті
Азаматы, Қазақстан Республикасының
Құрметті Заңгері, Қазақстан Республикасының
Журналистер Одағының мүшесі, «Үш би»,
«Үлт мақтанышы» марапаттарының иегері,
Ағыбайтанушы, Өлкетанушы.

керісінше кейінгі жылдары мектепке баратын бала саны артып, бұрын орташа (9 жылдық) мектеп болса, қазір орта мектеп болып қайта ашылды. Ауылдағы мектепті, 1959 жылы «Сарышаған әскери-сынақ полигонының» басшылары көмек ретінде салып берген. Алпыс бес жыл бұрын салған мектеп ескіріп, қазіргі заманның талаптарына сай келмейді, ауыз су мәселесінің сапасы да сын көтермейді. Өйткені апыл-ғұпыл салынған су құбырлары, әр жерден тесіліп, су далаға ағылып жатыр.

Ал, Алматы-Екатеринбург халықаралық автотрассадан ауылға дейінгі 13 шақырым жол, облыстың сол кездегі әкімдері Ерлан Жақанұлы Қошанов, Жәніс Махмұдұлы Қасымбек және сенатор Рысқали Қалиақпарұлы Әбдікеровтардың пәрмендерімен, өзімнің шаршамай-талмай ауылдың жоқтаушысы болғанымның арқасында асфальт төселді.

Осы өмірдегі кездесетін келеңсіздіктер мен көптеген қиыншылықтарға мойымай, өздерінің жан аямай, жатпай-тұрмай жасап жатқан қажырлы еңбектері мен еңбекқорлықтарының арқасында, ауыл тұрғындарының жалпы әл-ауқаты, тұрмыс деңгейі мен материалдық жағдайлары жаман емес.

1937 жылдары Тасарал селолық Кеңесінің құрамына: Бұрыл-Байтал, Қашқан теңіз, Қоржынтүбек (қазіргі

1934 жылы ауылда бастауыш мектеп салынып, оған оқу жасына толған ұл-қыз балалардың бәрі қамтылған. Сол кездің өзінде оқушылар саны 250-дей болған. 1941 жылы ауылдан сұрапыл соғысқа екі жүзден аса азамат аттанып, 100-ден аса қыршын жігіттер қан майданнан қайтпай қалған, тіпті кейбір отбасы үш бірдей боздағынан айырылған.

Бір айта кететін жайт, «соғысқа бармаймыз» деп «қашқын» атанғандар да болған. Сол көтерілістің басшысы – ауылдың бірнеше жігіттерін қасына ерткен, ел арасында өзінің аңшылық мергендігімен, әрі палуандығымен көзге түсіп жүрген Дауылбай деген батыр шалыс жігіт. Егер Орта Азиядағы соңғы «басмашы» 1939 жылы, ал Украинадағы соңғы «бандеровшы» 1949 жылы жойылды десек, ал Дауылбай «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, 30 жыл бойы бой тасалап, не НКВД, не милиция қызметкерлеріне ұстатпай, 1969 жылы қайтыс болған. Тіпті Дауылбай батыр Қытайдағы Шыңжан өлкесінде дербес Шығыс Түркістан Республикасы атты тәуелсіз мемлекет құрылып, сол жердегі қазақтар тәуелсіздікті сақтап қаламыз деп Қытай әскеріне қарсы соғыс ашқанда, сол көтерілістің қолбасшысы Оспан батырдың әскерінің қатарында соғысады. Дауылбай – қазіргі кезде Дү-

Тасарал ауылының тарихы

Тасарал ауылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында, Балқаш қаласының оңтүстік-шығыс бағытында 113 шақырым, ал Сарышаған станциясының шығыс бағытында 41 шақырым жерде, қасиетті Балқаш көлінің солтүстік жағалауында орналасқан құтты елді мекен. Ақжолтай Ағыбай батырдың өмірімен тығыз байланысып, оның есімімен аталып, ата-бабалардың аруағы желеп-жебеген, халық арасында «Ағыбайдың Тасаралы» деген атпен белгілі киелі жер. Ал «Тасарал» атауы – Тасарал ауылының оңтүстік-шығыс бағытында, ауылдан 8 шақырым жерде орналасқан «Тасарал» аралымен байланысты. Аралдың жағалауында үлкен жартастар орналасқан, яғни аралдың жағасы тасты болып келеді. Тарихи мәліметтерде «Тасарал қамалы» деген атпен белгілі. Тасаралға байланысты халық арасында кең тараған бірнеше аңыз-әңгімелер бар. Бір қуанатын жайт, Тасарал аралы еліміздің қасиетті (сакральное место) жерлерінің тізіміне енді.

1925-1928 жылдарға дейін Тасарал қыстақ ретінде Қарқаралы уезіне қарасты Мойынты болысының аумағында орналасқан еді. Кеңес үкіметінің орнауына байланысты Мойынты болысы жабылып, енді Шет ауданының 14 ауылы болып аталды. 1928 жылғы басталған саяси қуғын-сүргін, байлардың мал-мүлкін конфискациялаудан кейін Сарыарқаны қоныстанып отырған қазақтар, жан сақтау үшін Балқаш көлінің жағасына ағылып, балық аулап күн көріп, ашаршылықтан аман қалады. 1930 жылдың басынан 1937 жылға дейін Тасарал Жамбыл облысы Шу ауданына қарады. Шу ауданы Тасаралдан 400 шақырым қашықтықта болғандықтан, халықтың тілегімен 1937 жылдан бастап Балқаш қаласының қарамағына беріледі. 40 жыл бойы, яғни 1977 жылы Жезқазған облысы, Приозерный ауданы ашылғанға дейін, Тасарал Қарағанды облысының Балқаш қаласының бір ауылы болды. Ал 1997 жылы Жезқазған облысы, Тоқырауын (бұрынғы Приозерный ауданы) ауданы жабылғаннан кейін, Тасаралдан 250-300 шақырымдай жерде орналасқан Ақтоғай ауданының қарамағына өтті. Ащы шындықты айта кету керек, осыдан кейін ауыл тұрғындарына аудан орталығына барып-келу қиымет-қайың қиындығы басталды.

Ал, Тасарал Ақтоғай ауданы бойынша халқы мен жергілікті экономикасы жылдан-жылға өсіп отырған бірден-бір ауылды мекен. Осы жылдары ауылдан бірде-бір адам басқа жаққа көшіп кетпеген, тіпті бұрынғы кезде басқа үлкен қала-ауылдарға көшіп кеткен азаматтар, ауылға қайтадан көшіп келіп жатыр. Ауылдың отбасылық-демографиялық ахуалының жақсарғаны мына мысалдан білуге болады. Егер қазіргі уақытта Қазақстанның барлық ауылдарында мектептер жаппай жабылып жатса, ал Тасаралда

Приозерск қаласы), Сарымсақты (қазіргі Сарышаған станциясы), Мойынты, Киікті, Босаға, Соқырқой (Гүлшат руднигі ашылғанда тұрғындарының басым көпшілігін Соқырқойдың азаматтары құрады) елді мекендері кірді. Сол елді мекендерде балық қабылдау пунктері тұрақты түрде жұмыс істеп тұрды. Сол уақытта селолық Кеңестің есебінде 3-5 мыңға тарта адам болған. Тасарал ауылында «Қызыл қазақ» балық аулау мекемесінен басқа, 1940 жылдан бастап Тасарал балық қабылдау және оны өңдеу заводы, одан басқа «Тасарал артель-соль» ұжымы және мал шаруашылығы фермасы болған. 1947 жылы Мойынты-Шу темір жолының ашылуына байланысты, көп балықшылар: Қашқан теңіз, Шығанақ, Бұрыл байтал, Мыңарал, Сарышаған, Мойынты, Киікті, Босаға, Ағадыр станцияларына көшіп кетеді. Одан басқа, 1956 жылы Қашқан теңіз, Қоржынтүбек, Ақмамық, Майлыбай, Талтүбек балық аулау учаскелері орналасқан жерлерге, дүние жүзіне белгілі «Сарышаған әскери-сынақ полигонының» орналасуына байланысты балық аулау бригадирлері таратылады. Сонымен 1958 жылы Қоржынтүбек балық қабылдау пункті жабылып, балықшылардың көбі сол әскери полигонның балық аулайтын қосалқы шаруашылығына жұмысқа орналасады.

Одан басқа, Қоқымбаев Қисаның колхоз басшысы болып тұрғанда заңдастырылған Балқаш көлінің оңтүстік жағалауында орналасқан Алматы облысына қарасты: Ахмет суаты, Қосағаш, Бозарал, Наурызбай, Сарытұмсық, Майтан балық аулау учаскерлері және Наурызбай балық қабылдау пункті болды. 1963-1968 жылдары Ахмет суатында балықшыларға арналған 4 үй және монша салынды, Тасаралмен байланыс жасайтын рация және радиоқабылдағыш жұмыс істеп тұрды.

Сондықтан Тасаралдың аласапыран мен ашаршылық кездерінде, елін аман сақтаудағы орыны ерекше. Сол қиын-қыстау кезде, дәлірек айтсақ 1929 жылы ұйымдастырылған балық артелінен, кейіннен елдегі азаматтардың ортаға соңғы мал-мүліктерін салып, ұжым (колхоз) құрғаннан бастап, Қызыл (Кеңес) империяның қылышынан қаны тамып тұрған уақытының өзінде де, өзінің дербестігін сақтап қалған, еліміздегі бірден-бір ірі шаруашылық болатын.

Бір уақытта Тасаралда балық өндірісі жақсы дамып, тіпті 16 жыл бойы жемісті жұмыс жасап тұрған балық заводы – өз заманының ірі өндірісі болған. Бірақ 1956 жылы басшы қызметтегі адамдар, өздеріне сеніп тапсырған заводтың дүние-мүлкін талан-таражға салып, жасаған қылмыстарын жасыру үшін, қиянат жасап, заводты өздері қасақана өртеп жіберген деген халық арасында қауесет бар.

ние жүзінің алдыңғы қатардағы мемлекеттердің саясаткерлері «Екінші Дүние жүзілік» соғыс деп атап кеткен, ал Ресей саясаткерлерінің «Ұлы Отан» соғысы деп жүрген майданға барудан бас тартып, яғни әскер қатарына барудан қашқан адам. Ашаршылықты, кәмпелескелеуді, елді зорлап колхоз ұжымдастыруды, халықты бай-қулақ пен «халық жауларынан» тазартуды, саяси қитұрқылықтар мен асыра-сілтеушілікті көзімен көрген Дауылбай мен оған ерген жігіттердің соғысқа бармай қалуының сыры осында жатса керек. Дауылбайдың «бандасында» отыздай ғана адам болған. Қарапайым жұртқа ешқандайда зәбір көрсетпей, мазасын қашырмаған. Қайта керісінше, бар тапқан-таянғанын, жолда алғанын аш-жалаңаш ауылдастарына таратып, қарайласып, елге бар көмегін аямаған адам. Ауыл-ауыл арасында түнделетіп жортқан Дауылбай, атып алған киік, арқардың еттерін белгілі жерге тастап кетіп: «Аш отырған халыққа бөліп беріндер», - деп хабар айтып кетеді екен. Ал Шайкен ұста оқ-дәріні далада өсетін шөптерден өзі дайындаған.

Осы арада тарихи шегініс жасайық. 1942 жылы Қытай өкіметінің зорлық-зомбылығына шыдамаған Алтай аймағының қазақтары көтеріліске шығады. 1944 жылы осы көтерілістің нәтижесінде, Қытайдағы Шыңжан өлкесінде дербес Шығыс Түркістан Республикасы құрылады. Шыңжан өлкесінің Кеңес Одағы мен Қытай үшін үлкен стратегиялық маңызын баса айта кету керек. Атап айтқанда, мұнда 2000 км ортақ шекара мен аймақтың астанасы Үрімжінің КСРО-ға өте жақындығы ерекше есепке алынды. Сондықтан Шыңжан өлкесіндегі тұрақтылық КСРО мен Қытайға ауадай қажет еді. Өзінің ішкі-сыртқы саясатында панисламизм мен пантюркизмге әлердей қас Совет Одағы аймақтағы мұсылман халықтарының ұлт-азаттық жолындағы күресін басып-жаншуда, өлкедегі Қытай өкіметіне үнемі жан аямай көмектесіп отырды. Себебі, дінге қарсы Кеңес өкіметіне Қытаймен ортада пайда болатын мұсылман мемлекетінің еш қажеттігі жоқ еді. Өйткені сол кезде өлкенің 80 пайызын мұсылмандар құрап, ал қытайлар өлке халқының тек 12 пайызын құраған еді.

Сонымен Дауылбай батыр жай ғана соғысып қоймай, соғысты қатардағы жауынгерден бастап, майдан алаңында бірнеше ерліктер көрсеткеннен кейін, Оспан батырдың қасындағы ең сенімді, ең жаужүрек 10 батырдың біріне айналады. Тек 1951 жылы Кеңес Одағы мен Қытай әскерінің екі жақтан қыспағынан кейін, Қытай қазақтарының тәуелсіздік жолындағы күресі нәтижесіз аяқталып, көтерістің соңғы басшысы – Оспан батыр опасыздықпен ұсталғаннан кейін, Қытай әскері көтеріліс мүшелерін

(Жалғасы 7-бетте).

(Жалғасы. Басы 6-бетте).

қатаң жазалай бастайды, сол кезде Дауылбай батыр елге қайтады. Көп жыл бойы НКВД-дан бой тасалап, елге ешқандай да зиянын келтірмей, жапан далада аңшылықпен айналысады. Өзі «Құралайды көзінен атқан» мерген болған. Милиция қызметкерлері бірнеше рет Дауылбайды ұстамақ болып, көп жыл бойы ізін андыған. Дауылбай қуғыншылар таялғанда, олардан бой тасалап отырып: «Әй, бауырым, мен сенің қаныңды мойныма артқым келмейді, балашаға аман-есен қайт!» – деп дауыстап, артынан қалмаса, бірінші атқан оғын ердің басынан, екінші рет атқанда, қуғыншының басындағы бас киімін дәлдеп атып, ұшырып жібереді екен. «Қу жан деген тәтті ғой», сонда ғана милиция қызметкерлері кері қайтқан. Бірде милиция қызметкерлері көп уақыт бойы андып жүріп, Дауылбайдың келіп жүретін бір жақсы досының үйінде отырғанда, үйге кіріп келеді де: «Дауылбай қашқын сен ұсталдың, қолыңды көтер!» – дегенде. Дауылбай саспастан: «Әй балалар, арттарында тұрған қамшымды алып беріңдерші», – дейді. Милиция қызметкерлері жалт беріп арттарында қараған мезетте, Дауылбай көз ілеспес шапшаңдықпен, киіз үйдің керегесін көтеріп жіберіп, артында тұрған атына міне сала қашып кетіпті. Сөйтсе барлық уақытта Дауылбайдың сенімді аты киіз үйдің артында ерттеулі дайын тұрады екен.

Ел ішіндегі құймақұлақ қариялардың айтуы бойынша, Дауылбай қарапайым адам болмаған. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Босаға ауылының тұрғыны, Тарпаң байдың ұрпағы, жүзге келіп қайтыс болған Ғайнолла ақсақал (Боржай) Дауылбайдың өлімі туралы мына әңгімені: «Дауылбай қара халыққа ешқандай да зиян келтірген жоқ, қайта пайдасы ғана болған. Өйткені, өзі аулаған арқар-киіктерінің еті мен қасқыр-түлкілерінің терісін халыққа таратып беріп отырыпты және оның күнделікті киетін сыртқы киімдері, өз қолымен тіккен аң терісінен тігілген киімдер болатын. Бір күні сол кездегі Ақадыр станциясының темір жолдағы ұлты орыс милиция бастығының баласы далада аң аулап жүріп, аң тері-сінен жасалған сырт киімі бар Дауылбайды аң екен деп байқамай атып алады. Дауылбай киелі адам ғой, сол бала үйіне келген бетте, өзін-өзі атып тастаған. Ал, Дауылбайды ат теуіп өлтірді деген әңгіме шындыққа сәйкес келмейді. Сол милицияның баласының жасаған қылмысының ізін жасыру үшін жасалған жалған дерек», – деп айтып кеткен еді.

Қазақ тарихында есімі елеусіз қалған, аты мен атағы оғаш қылықтарға, өнегесіз тірліктерге телініп келген тұлғалардың тарихын қайта саралау, қазіргі тәуелсіз қазақтың ойымен, көзқарасымен баяндау міндеті алдымыздан шығып отыр. Кезінде «банды атанған» тұлғаларымыз қазақ тарихының әр түрлі кезеңінде, түрлі заманында ғұмыр кешкен, әрі сол уақыттың ірі тұлғасына айналған адамдар болған. Ежелден қазақ халқында «жау жүрек» деп атанған батыр тұлғалар көп болған. Бірақ осындай оғландарымыздың қадыр-қасиетін әлі дұрыс саралай алмай келе жатқан сияқтымыз. Бұрындары өзге елдің көзқарасына сай, ол тұлғаларды: «бандит», «қарақшы», «ұры», «қашқын» деп бағаласақ, ендігі жаңа кезеңде, тәуелсіздік елге айналған шағымызда ақты – ақ, қараны – қара дегізгерлік нақтылыққа жетуіміз шарт емес пе?!

1929 жылы балық аулау «Артель» деп аталған ұжым, 1930 жылы «Қызыл қазақ» балық аулау колхозы болып құрылады. Колхоздың «Қызыл қазақ» атануының бір себебі, алғаш балық аулау бригадасының басшылары: Шөжен Шахаев, Төтім Ахаев, Қазі Саулебаев, Еркебай, Еркебек Жақыповтар (Бегімбеттің Қамзасының нағашылары) ұзын бойлы, зор денелі, қызыл шырайлы адамдар екен және сол маңайдағы қазақтар оларды «Қызыл қазақ балықшылар», ал орыстар «Красные казахи» деп атап кеткен екен. 1965 жылы «Қызыл қазақ» балық аулау колхозы, Октябрь Революциясының 50 жылдығына орай «Октябрьдің 50 жылдығы» балық аулау колхозы болып аталады. Кейбір жылдары балықшылар 500 000 центнерге дейін балық аулаған. Сол уақытта, Тасарал балықшыларының табыстары артып, атақ-даңқтары жер жарып, дүрілдеп тұрған, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағына белгілі, алдыңғы қатарлы ұжым еді.

Балық аулау кәсібі ұжымдық өндіріс және Тасаралдың балықшыларының бәрі ыстық-суыққа, қысы-жазы

көп қиыншылықтарға қарамай, қажырлы еңбек етті. Көк мұз, ақ қарлы қысты күндері болатын қақаған аяздарда, ат құлағы көрінбейтін борандарда мұздың үстіне жүріп балық аулау, ал жаз айларындағы ыстық аптаптарға, теңіз үстіндегі қатты дауылдарда, жауын-шашындарда айлап-апталап кемеде өмір сүріп балық аулау тек нағыз жігіттерге тән және қайтпас-қайсарлықты талап етеді. Сондықтан ешкімді бөліп-жармай, балықшылардың бәрін еңбек ерлері, кәсіби мамандар және өз ісінің майталмандары болды деп ауыз толтырып айтуға болады.

1990 жылдың ортасында Тасарал ауылындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы колхозда 600-ден аса жылқы, 100-ден аса түйе, 1 тоңазытқышы бар үлкен кеме, 1 үлкен теңіз кемесі, 15 мотобот, 1 К-700, 1 «Казахстанец», 1 ЮМЗ, 3 МТЗ-50 тракторлары, 1 «УРАЛ», 1 «КАМАЗ», 6 «ГАЗ-66», 1 бензовоз «ГАЗ-53», 1 су таситын «ЗИЛ-130», 2 өрт сөндіретін «ГАЗ-53», 3 жүк таситын «ГАЗ-53», 1 кран «ЗИЛ-



130» автомашиналары болған. Балық тоңазытуға арналған тоңазыту және ыстау цехтары болды. Одан басқа, ауылда Мәдениет үйі, сауда үйі, монша, радио торабы, мектеп, машина-трактор паркі, ау-сүзекі тоқитын цехтар жұмыс істеп тұрды. Бір өкініштісі, қазіргі уақытта ауылда бірде-бір техника, ғимарат немесе дүние-мүліктері жоқ. Өйткені 2002 жылы «іштен шыққан жау жаман» дегендей, алдау-арбаудың күшімен балықшылар колхозы жабылып, «Балқашбалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қарамағына өтті және колхоздың барлық техникасы, ғимараттары мен дүние-мүліктері осы серіктестің төрағасы Ахат Құспаевтың жеке меншік иелігіне өтіп кетті.

Осы күні бес жүзден асатын тұрғыны бар ауылдың тарихына, ел ауызына түскен азаматтарына шолу жасайық.

«Азаматына қарап ауылын таны» дегендей осы қасиетті, құтты мекеннен кімдер шықты, кімдер тарады! Осы өңірдегі Балқаш, Приозерск қалаларының, Сарышаған, Мойынты, Киікті, Босаға, Гүлшат, Қашқантеңіз, Мыңарал, Шығанақ, Бурылбайтал елді мекендерінің негізін қалаушылар Тасарал азаматтары.

Атап айтқанда, атақты шертпе күйдің шебері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі Әбікен Хасенов, белгілі сазгер, КСРО-ның халық әртісі Сыдық Мұхамеджанов, көрнекті қазақ жазушысы, драматург, Қазақ Ұлттық Кітап Палатасының директоры болған Софы Сматаев, Қазақстанның Геология министрлігінде жауапты қызмет атқарған Рахымбеков Мәди, Республикалық Ішкі Істер Министрінің орынбасары болған генерал Біләл Омаров, Жоғарғы Соттың судьясы болған, қазір де сол жерде жауапты қызмет атқаратын Кеңес Жалмұханбетов – осы өңірден шыққан азаматтардың ұрпақтары.

Бүгінде мемлекетіміздің білім, ғылым, мәдениет, өнер, мемлекеттік қызмет және де басқа жауапты салаларда, елімізге танымал көптеген азаматтар қызмет атқарып жатыр.

Ауылымыздың мақтаныштары - ғалымдар: Қарағанды Экономикалық Университетінің ректоры, экономика ғылымының докторы, ХЭА академигі Ерқара Аймағамбетов, Астанадағы Еуразия университеті жанындағы жоғары білім беру проблемалары институтының директоры болған химия ғылымдарының докторы, профессор марқұм Мәтібай Жамбеков, Ұлттық гигиена

және эпидемиология ғылыми орталығының бас директорының орынбасары, НАК академигі Марат Сыздықов, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің факультет деканы болған, биология ғылымдарының докторы, Академик марқұм Қуандық Сапаров, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеттің кәсіподақ ұйымының төрағасы, профессор Болат Әбенев, Қостанай Қазақ-Ресей халықаралық университеттің ректоры болған, экономика ғылымдарының докторы, профессор марқұм Мағауия Мұқымбеков, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кафедра менгерушісі, математика ғылымдарының докторы, профессор Дәулет Әлибиев, тарих ғылымының докторы, профессор марқұм Сәрсенбаев Шекті, математика ғылымдарының кандидаттары: марқұм Мұқыр Ахметов пен Бейбіт Әлтаевтар, химия ғылымдарының кандидаты Майдагүл Мұқымбекова, тарих ғылымдарының кандидаттары: Даулет және

Бибігүл Әбеневтер, филология ғылымдарының кандидаты Майкотова Ғалия және тағы басқалар. Шет елде білім алған, заң ғылымдарының кандидаты, Түркия мемлекеттік университетінің құқықтық-заң факультетінде докторантурада болған Бейбіт Құлмағанбетов. Ауылымызда бүкіл қазақ еліне үлгі боларлық отбасылар да жетерлік. Атап айтсақ, біздің үйдің алпыс жылдық көршілері Әбеневтер отбасынан төрт бірдей ғалым – бір Академик, бір профессор және екі бірдей доцент шығып отыр.

Аймағымыздағы ардақты, еліне елеулі, халқына қалаулы ағаларымыз: Тасаралдан шыққан тұңғыш металлург, Кеңестер Одағының бірнеше жоғарғы орденімен марапатталған, әрі Кеңестер Одағының құрметті металлургі, Тасарал-Сарышағаннан бастап, Мойынта-Ағадыр өңіріннен Балқаш қаласына келген қонақтарға бірнеше жыл тегін, әрі жайлы «қонақүй - жатақхана» болған, өзінің адал еңбегінің арқасында, атағы жер жарып, «Тасаралдың генералы» атанған Көшен Боқанов, алғыр-білімділіктерімен көзге түсіп, Балқаш өңірінде бірнеше жыл бойы басшы қызметтер атқарған: Берліғали Жүнісбеков пен Қамжан Қарашолақов, республикамызға танымал қоғам қайраткері, 10 жылдай Тасарал колхоз басқармасы, 1967 жылдан бастап, 20 жылдан аса Іле (Қапшағай) балық заводының бас директоры болған Қиса Қоқымбаев, көп жыл бойы Балқаш өңірінде жауапты қызметтер атқарған, «Ақжолтай Ағыбай батыр» қорының президенті болған Сақтай (Сағыжан) Аманжолов, Сайлау Тұрғанбеков, Мұқыш Сатыбалдинов, 30 жылдан аса Ақтоғай өңірінде басшы қызметтер атқарған аяулы апамыз Дәркен Жұмағұлова, ақ киімді абзал жан, Балқаш қаласында бас дәрігер болып қызмет атқарған, бір туар аяулы азаматымыз Тілеубай Бүкібаев, Балқаш қаласының санэпидстанциясында басшы қызметтер атқарған Көбен Бекмағамбетов, ауыл мектебінің көп жылғы (40 жыл) директоры, елімізге еңбек сіңірген қызметкер, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы Боқай Найманбаев, Республикалық «Қазіретметремон» мекемесінің Президенті болған Қуандық Әрінов, «Қазахмыс» корпорациясында басшы қызметтер атқарған: Малшыбай Тиесов, Шағжанов Серікбол және Кеңесқали Садықов, Ауыл шаруашылық және Ішкі істер Министрлігінде жауапты қызметтер атқарған Сепбол Шағжанов, «Қазақстан Темір Жолы» мекемесінде басшы қызметтер атқарып атқарған, «Құрметті теміржолшы» Кентай Ахметов, *(Жалғасы 8-бетте).*

(Жалғасы. Басы 6-7 беттерде).

Республикамыздың Қорғаныс Министрлігінде көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған, полковник Жұматай Боқанов, Алматы облысында бірнеше жыл қатар мектеп директоры болып қызмет атқарған Әуесхан Тұрабаев, Балқаш қаласының салық Басқармасында көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған Ошақбай Әлтаев, Тоқырауын ауданы әкімінің бірінші орынбасары болған Бекен Ахаев, Ауған соғысының ардагері, Қызыл Жұлдыз орденінің иегері, кезінде көрсеткен ерлігі үшін Совет Одағының батыры атағына ұсынылып, бірақ Совет Одағының сол кездегі Президенті қазақ халқын «өте жақсы» көретін М.Горбачев аяқсыз қалдырған, полковник Байғали Қоқымбаев және тағы да көптеген аты аталмай қалған азаматтар. Сол Байғали батыр Ауған соғысына аттанар алдында: «Егер мен соғыста қайтыс бола қалсам, сүйегімді Тасаралға жерлеңдер», - деп қолхат жазып, өсиет еткен екен. Бір айта кететін жайт, сол Байғали Тасаралда тұса да, 10 жасында әкесінің қызмет бабымен - Қапшағай балық заводының бас директорлығына тағайындалуына байланысты, Тасаралдан Алматы қаласына көшіп кеткен еді және Ауған соғысына аттанарда Тасаралда 20 жылдай болмаған екен. Міне нағыз батырдың туған жерге деген ыстық махаббаты!

Республикалық Тұтыну Одағында, Игілік банкде, Әділет Министрлігінде, Жоғарғы сотта көп жыл бойы басшы қызметтер атқарған, Жоғарғы Соттың Шаруашылық Басқармасының директоры болған, халық арасында «генерал Марал» атанған - Балтышев Марал, Жезқазған аймағындағы Халықтық банктің директоры болған Марфуға Мусина, Приозерск қаласының әкімі болған Нұрлан Бікіров, Нұра ауданының салық Басқармасының бастығы болған Тасыбай Кұлмағанбетов, Қарағанды Экономикалық Университет баспасының директоры Фатима Найманбаева, Балқаш қаласының көлік полициясында көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған Адамия Майлыаяқов, Алматы қаласындағы «Тасарал» мейрамханасының иесі Дәулет Асанов, Абай аудандық салық Басқарма бастығының орынбасары болған Тлеш Дүйсенбаев, Тоқырауын ауданының судьясы болған Талғат Жүнісбеков, Пришахтинск аудандық полициясының бастығы болған Ораза Майлыаяқов, Приозерск қаласының салық Басқармасының бастығы болған Айдар Қарашолақов, Балқаш қаласының жолаушылар тасымалдау мекемесінің директоры Нұрлан Қысанов, «Ақ халатты абзал жандар» Мағираш Шағжанова мен Қайрат Бижанов, «Қазахмыс» корпорациясында басшы қызметтер атқарып жүрген Ардагер Әрінов, Қасқабай Махабаев, белгілі кәсіпкер Найзабай Махабаев, «Карэнергосбыт» мекемесінің бас директоры болған Берік Бүкібаев, Балқаш қаласының прокуроры болған Рүстем Дүйсенбаев, Қарағанды облыстық Білім басқармасының бас бухгалтері Толқын Майкөтова, Сарышығанда жауапты қызметтер атқарған Әбүйір Әлжанов.

(Жалғасы бар).

Открылось наследство после смерти Карбекова Мажита Далбасовича умершего 09.09.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Открылось наследство после смерти гр. Смагулова Жаксыбека, 20.09.1938 года рождения, умершего 11.07.2023 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К., по адресу: Карагандинская область Ақтоғайский район п. Сарышаган, улица Темиржол, 12 Б. Тел.87476177859.

Открылось наследство после смерти Смаиловой Алтынкуль умершей 19.02.2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К., по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Құттықтаймыз!



Құрметті Болатбай Орынбайұлы!

Сізді 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы пайгамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтынышы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы, шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде арқылы. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыңызды сақтап келесіз.

Шәкірттердің сезінумен арманын, Ойлайтұғын білім-ғылым салмағын. Қуанышпен құттықтаймыз бүгін біз, Әріптестің 63-ке толғанын. Әрбір белес, әрбір асу, ол – бір із, Қашанда да жақсылыққа сендіңіз. Өмір-жолда шәкірттерге үлгі боп, Міне, сіз де 63-ке келдіңіз.

Ақ тілекпен: "Ақши негізгі орта мектебі" КММ ұжымы.



Ардақты әкеміз Болатбай Орынбайұлы,

63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы пайгамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтынышы асқардың шыңына қол созып отырсыз.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы, шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз.

Асқар тау биік болсын тұғырыңыз, Жетсіңіз жүректерге жыр үніміз. Бар бақытын еңбегімен өрнектеген, Әке, сіздің ұзақ болсын ғұмырыңыз. Сыйластық мекені боп үй, төріңіз, Тек шаттықпен өрілсін өміріңіз. Немере-шөберемен бірге жасап, Көктемдей жайпап жүрсін көңіліңіз

Ізгі тілекпен: жәубайы-Гүлзияш, балалары – Нұрым, Әсем-Тұрар, Айзада, Ернар, немерелері – Еркеназ бен Сафиназ.

Құттықтаймыз!



Түсіпбекова Айман Балтабекқызы!

70 жасқа толған мерейжасыңмен құттықтаймыз. Мінезден көрініс табатын тектілік мың бақытты абыз анаңнан алып келесің. Әйел бойындағы асыл қасиет ол – әйелдің өзіне деген сенімділігі еді. 27 жасыңнан дәлелден бекезден мінезімен бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйеді болып 70-ке жеттің. Алланың берген жасын жасай бер. Өмірің жемісті, ойға алған ісің жеңісті, өмірің мамыражай келісті болсын. Сыныптастары мына шумақты арнайды:

Балаларға арнадың бар асылды,
Ұрпақтардың үзілмес сабағы боп.
Шуақ шашып ағайын мен достарға,
Айман жүрші әрқашанда шат күліп.
Қуат алып денсаулықтың бәрінен,
Тілек еттік шын жүректен бәріміз,
Мықты болып ұзақ ғұмыр сүріңіз!

Ізгі тілекпен: Рая, Бәдиша, Қанат, Тишбала, Нескен, Алтай, Ермек, Несіпжан, Саяш, Далабай, Бағдат, Болат.

Ақтоғай ауылының тұрғыны, аяулы ана, асыл жар **Ногаева Шынар Жастілекқызын** 50 жасқа толған мерейжасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Кең пейілді жаны жұпар, жанұямызға жылу болған осы бір жанға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Өмірдің көзге көркемдік сыйлайтын сәулеті, ал отбасымыздың дәулеті болғайсыз. Басыңыздан бақ таймасын, шаңырағымыздан шаттық әні үзілмесін. Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз шуақты болсын.

Бар дүниенің байлығымен тең келмес,
Ана – жүрек, ана – бақыт, бір белес.
Алдымызда күліп-ойнап жүргенің,
Бала үшін еш байлықпен теңелмес.

Ақ тілекпен: балаларыңыз – Асхат, Бақытгүл, Тогжан, осы тілекке әкеміз Сағат та қосылады.



Аяулы жан, ардақты ана, әулетіміздің келіні Ногаева Шынар Жастілекқызын 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Қарашаңырақтың түтінін түтетіп, салттан сүрінбей, жөн-жоралғыдан жаңылмай, бір кісілік табағы он кісіге татитын кең пейіліңмен туысқа сыйлы боп, үлкен-кішінің ризалығына бөленіп келесің. Сағат бауырымыз екеуің ұл-қыз тәрбиелеп, өнегелі отбасыға айналдыңдар. Өзіңді Ақтоғай жұрты адам жанының арашасы – ақ халатты абзал жан ретінде құрмет тұтып, қадірлейді. Қызметіңде әрдайым елдің алғысы мен батасын алып, көгеріп, көктеп келесің. Денің сау, отбасың аман болып, берекелі де мерекелі күндерің көбейе берсін. Әмсе, абырой биігінен түспей, еңбегіңнің жемісін көр. Гибратты ғұмыр, ұзақ өмір тілейміз.

Құрметпен: Ақжолтаевтар әулеті.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

